

Ұйымдардың кредиторлық берешегін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 қазан N 1520

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Заңының Z990473_17-бабына және "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 P000337_қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кредиторлық берешекті өтеуге байланысты мәселелерді қарау жөніндегі комиссия мақұлдаған мемлекеттік органдардың жалпы сомасы 924 681 792 (тоғыз жүз жиырма төрт миллион алты жүз сексен бір мың жеті жүз тоқсан екі) теңге 61 тиын, о н ы ң і ш і н д е :

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бойынша 360 711 592 (үш жүз алпыс миллион жеті жүз он бір мың бес жүз тоқсан екі) теңге 08 тиын сомасында;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бойынша 275 238 775 (екі жүз жетпіс бес миллион екі жүз отыз сегіз мың жеті жүз жетпіс бес) теңге 53 тиын с о м а с ы н д а ;

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы бойынша 32 451 283 (отыз екі миллион төрт жүз елу бір мың екі жүз сексен үш) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бойынша 1 399 611 (бір миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың алты жүз он бір) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бойынша 16 701 750 (он алты миллион жеті жүз бір мың жеті жүз елу) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бойынша 37 621 250 (отыз жеті миллион алты жүз жиырма бір мың екі жүз елу) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі бойынша 145 811 240 (бір жүз қырық бес миллион сегіз жүз он бір мың екі жүз қырық) теңге сомасында, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бойынша 25 071 941 (жиырма бес миллион жетпіс бір мың тоғыз жүз қ ы р ы қ б і р) т е ң г е с о м а с ы н д а ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі бойынша 501 883 (бес жүз бір мың сегіз жүз сексен үш) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша 29 172 467 (жиырма тоғыз миллион бір жүз жетпіс екі мың төрт жүз алпыс жеті) теңге сомасында республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешегін өтеу есебінен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген

қызметтерді) берушілердің алдындағы кредиторлық берешегін өтеу туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысында бекітілген тәртіппен жоғарыда көрсетілген кредиторлық берешекті өтеу жөніндегі есеп

айырысуларды жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.